

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

■ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
■ ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№8 [2516] 04/02/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ
АО «НК «ҚТЖ» :

«ҚТЖ АКТИВНО ПОДДЕРЖИВАЕТ МЕСТНОЕ ПРОИЗВОДСТВО, ПОМОГАЕТ В ОРГАНИЗАЦИИ АККРЕДИТАЦИИ, СЕРТИФИКАЦИИ, ПРОВЕДЕНИИ ИСПЫТАНИЙ НА СВОИХ ПОЛИГОНАХ, ЗАКУПАЕТ ПРОДУКЦИЮ. МЫ ТАКЖЕ ПЛАНИРУЕМ ПРОВЕСТИ АНАЛИЗ ТОГО, ЧТО ПОКА ЕЩЕ ЗАКУПАЕМ ЗА РУБЕЖОМ, И РАЗМЕСТИТЬ ПЕРЕЧЕНЬ НА САЙТЕ. ХОТИМ, ЧТОБЫ ОТЕЧЕСТВЕННЫЕ ПРОИЗВОДИТЕЛИ СООБЩИЛИ, ЧТО ИЗ ЭТОГО СПИСКА ОНИ НАМ МОГУТ ПРЕДЛОЖИТЬ»

СНЕГОБОРЬБА

В БОЙ С НЕПОГОДОЙ

Последнюю неделю января работники стальной магистрали провели в борьбе с обильным снегопадом. Для очистки путей и стрелочных переводов привлекалось более 15 тысяч работников путевого хозяйства и более 4 тысяч сотрудников других железнодорожных организаций.

Усилия монтеров пути и работников других железнодорожных предприятий позволили не допустить срыва графика поездов.

В деятельности филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» в эти дни на борьбу со стихией сделан основной акцент, особенно в Актюбинской, Восточно-Казахстанской, Карагандинской и Костанайской областях. Железнодорожники в круглосуточном режиме устраняют последствия сильной метели и снегопада.

Всего на магистральной сети всеми видами снегоуборочной и снегоочистительной техники осуществлено 1075 выездов, при этом очищено 43709,3 километра пути, убрано 334685 кубометров снега.

В частности, в Костанайском отделении задействовано более двух тысяч работников пути и других железнодорожных организаций. Осуществлен 151 выезд снегоуборочной и снегоочистительной техники. Костанайские железнодорожники общими усилиями очистили 4471 километр пути и вывезли 52860 кубометров снега со станционных путей.


В Восточно-Казахстанском отделении около 1200 железнодорожников освободили от снежных завалов 5568 километров пути и вывезли 62250 кубометров снега со станционных путей. Снегоуборочная и снегоочистительная техника 200 раз выезжала на борьбу с последствиями обильного снегопада.

Большое количество снега выпало и в западном регионе страны. Так, почти 3500 актюбинских железнодорожников за эту неделю убрали со станционных путей 43000 кубометров снега и очистили 14257 километров пути. Здесь снегоуборочная и снегоочистительная техника выезжала 241 раз.

Не остались в стороне от снегоборьбы и сотрудники центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ» и его дочерних организаций. Более 700 человек на этой неделе выходили на очистку снега на станциях Нур-Султан и Сороковая.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

ТАСЫМАЛ



ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Цифрлық трансформация шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на енгізіліп отырған маңызды жобалардың бірі «Республикаішілік қатынаста Келісімшарт және коммерциялық жұмыстың автоматтандырылған басқару жүйесі» (КҚЖ АБЖ – АСУ ДҚР) жобасы тасымалдау құжаттарын қағаз түрінде ресімдеуден электрондық ресімдеу форматына көшуге негізделген. Бұл жоба болашақта республикаішілік қатынаста тасымалдауды жоспарлау, ұйымдастыру, жүзеге асыру және қызметтерді төлеу кезінде клиент үшін «бірыңғай цифрлық терезе» құруға ықпал етеді.

Сұлугұл БАКЕСОВА

Тасымалдау процесінің барлық кезеңінде айқындық пен клиентке бағдарлануды арттыруға бағытталған жүйе бүгінде Компанияның барлық жүк станцияларында, яғни шамамен 456 станцияға табысты енгізіліп отыр. Жүйеге шамамен 50 мың клиент, жүк жөнелтушілер, жүк қабылдап алушылар, экспедиторлық ұйымдар тіркеліп, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның 7000 астам қызметкері жұмылдырылған.

Жүк жөнелтушілерге келсек, олар өңірлердегі барлық жүк тасымалы бөлімшелері бойынша жүк тиелімін КҚЖ АБЖ/АСУ ДҚР-ды пайдалана отырып, айлық жоспарлау, онкүндік жоспарлау электрондық өтінімдерді ресімдеуді және күнтізбелік жоспарлар жүйесінде автоматты түрде түзілген өтінімдерді түзетуді жүзеге асыра алады. Алайда, өтінімдер «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, АС МЕСПЛАН, порттармен, соның ішінде терминалдармен және «Қазтеміртранс» АҚ вагондар операторымен келісіп, іске асырылады. Сондай-ақ, вагондарды басқа мекенжайға жіберуге электрондық өтінім беру жүзеге асы-

рылды. Вагондарды басқа мекенжайға жіберу үшін өтінім беру процесін 2 күннен 1 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Ал жоспарлау процесі 11 сағаттан 5 минутқа дейін, республикаішілік жөнелтімдерде және экспорттық жөнелтімдерде 2 күннен 1 сағатқа дейін уақыт қысқарды. Осылайша, бүгінде барлық өтінімдер КҚЖ АБЖ/АСУ ДҚР жүйесі арқылы өтеді, өткен жылы бұл жүйе бойынша 273 533-нан астам өтінім беріліп, қабылданған екен.

Тағы бір атап өтерлігі, жүйеде жаңа бір қызмет түрі әзірленіп, енгізілген. Ол арқылы ҚР Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитетімен белгіленген құрылым мен форматқа сай жүктер туралы алдын ала ақпарат қалыптасады. Қазіргі кезде АСУ ДҚР жүйесінде республикаішілік қатынаста тасымалдау құжаттарын ресімдеудің қағазсыз технологиясын енгізу жүзеге асырылды. Бүгінде осы технология бойынша тасымалдау құжаттарын ресімдеуге 10 298 жүк жөнелтушімен келісімшарт жасалып, ресімдеу 94%-тен жоғары болып отыр. Бұдан басқа, 200-ден астам клиенттермен экспорттық қатынаста қағазсыз технология бойынша тасымалдауға келісім-

шарттар жасалған. Ал «РТЖ» ААҚ мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ арасында осы технология бойынша экспорттық қатынаста барлық мемлекетаралық түйісу пункттері бойынша 6000-нан астам тасымалдау құжаттары ресімделген.

Мұнымен қатар Қытай, Әзербайжан, Қырғыз темір жолдарымен халықаралық темір жол қатынасында жүктерді тасымалдау кезінде деректермен электрондық алмасу (ЭОД) туралы келісімдерге қол қойылғаны белгілі. Қазір аталған теміржолдарға деректерді электронды жүкқұжат көлемінде беру жүргізілуде. Ал ағымдағы жыл міндетіне келсек, экспорттық-импорттық қатынаста қағазсыз технологияның интеграциясы ары қарай да жалғасатын болады. Соның айқын дәлелі ретінде, 2020 жылы «РЖД» ААҚ станциясында экспорттық қатынастағы қағазсыз технология бойынша ресімдеу полигонның кеңейтілетінін айтар едік. Яғни, белгіленген бағыттар бойынша «РТЖ» ААҚ станциясынан импорттық қатынаста тасымалдау құжаттарын ресімдеудің қағазсыз технологиясы енгізіледі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ОБУЧЕНИЕ

АГЕНТЫ ИЗМЕНЕНИЙ

В АО «НК «ҚТЖ» запущен проект по созданию пула внутренних тренеров, цель которого – развитие и обучение работников компании силами внутренних экспертов по разным направлениям деятельности.

Асель ШАЙХЫНОВА

На сегодняшний день в проекте 19 действующих внутренних тренеров из числа работников АО «НК «ҚТЖ». В рамках трехмодульной программы обучения «Внутренние тренеры» они

обучились важным для тренеров знаниям и навыкам. К примеру, освоили такие темы, как структура и логика тренинга; особенности и принципы обучения взрослых; методы и форматы преподнесения информации; искусство управления голосом; умение составлять про-

граммы тренингов в зависимости от целей и задач бизнеса.

В этом году АО «НК «ҚТЖ» объявляет новый набор внутренних тренеров. При этом, сертифицированным внутренним тренером может стать каждый желающий сотрудник компании. Для этого необходимо предоставить резюме с фото, написать эссе на тему «Почему я хочу быть внутренним тренером». Кроме того, необходимо записать двухминутный видеонаонс предлагаемой обучающей программы и пройти живое собеседование с внешним куратором программы.

Документы можно отправлять на электронные адреса temirova_at@railways.kz, ayazozbt8383@mail.ru до 15 февраля 2020 года.

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

АЛТЫНКОЛЬ В ПОМОЩЬ ХОРГОСУ

Железнодорожники станции Алтынколь оказали помощь своим китайским коллегам, передав на стыковую станцию Хоргос гуманитарный груз – защитные медицинские гигиенические маски (повязки) и другие необходимые для профилактической борьбы с коронавирусом средства.

Ирина БЕКТИЯРОВА,

Алтынколь

Тем самым они еще раз убедительно доказали, что дружеские отношения с коллегами важны не только в рабочем процессе. Здесь, на погранпереходе Алтынколь – Хоргос, налажено тесное взаимодействие, которое способствует увеличению грузооборота, железнодорожники казахстанского и китайского узлов совместно отмечают все национальные праздники. И, конечно, не оставляют в беде друзей.

В Китае в настоящее время принимаются решительные действия по локализации и обузданию опасной инфекции. В соседнем с нами Хоргосе эпидситуация в настоящее время нормальная, заболевших не выявлено. Железнодорожники станции Алтынколь решили оказать китайским коллегам посильную гуманитарную помощь. Надеемся, что она будет способствовать преодолению



сложной ситуации, – сказал начальник станции Алтынколь Адлет Айтбек.

Сотрудникам станции Хоргос передано 14 тысяч медицинских гигиенических масок (повязок) и 20 килограмм дезинфицирующих средств. Представители КНР поблагодарили своих казахстанских коллег за помощь

и выразили уверенность, что дружеские отношения помогут преодолевать преграды в любых ситуациях.

Как известно, АО «НК «ҚТЖ» предпринимают профилактические меры в связи со вспышкой эпидемии коронавируса в КНР. В настоящее время с 3 февраля курсирование пассажирского поезда №103/104 сообщением Урумчи – Алматы-2 через станцию Алтынколь временно приостановлено. Грузовое сообщение на погранпереходе Алтынколь – Хоргос осуществляется в прежнем режиме. Пассажирский поезд Алматы – Алтынколь – Алматы курсирует по прежнему графику.

На Алтынкольском железнодорожном узле создан штаб по недопущению распространения коронавируса на территории РК. В него вошли руководители всех структурных подразделений железнодорожного узла. На регулярной основе проводится инструктаж со всеми сотрудниками.

Продолжение темы на 3 стр.

ХАБАР-ОШАР

ЖОЛСЕРІКТЕР БРИГАДАСЫНА НҰСҚАУ БЕРІЛДІ

Санитарлық-эпидемиологиялық органдардың қызметкерлері жолаушылар, пойыз бригадалары мен машинистерде бетперде болуын қатаң талап етеді. Бұл туралы ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

29 қаңтарда «Жолаушылар тасымалы» АҚ өз сайтында биыл 1 ақпаннан бастап «Алматы-2/Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Үрімші» бағытындағы №13-54/14-53 (ҚР құрастырылған) халықаралық жолаушылар пойызының жүру бағыты Достық станциясына дейін уақытша қысқартылатынын хабарлады.

Дәл осы күні «Сарыағаш-Нұр-Сұлтан-1» бағытындағы №86 жолаушылар пойызының пойыз бригадасы қызметкерлерімен жолаушы ҚХР азаматтарының денсаулығын тексеру мақсатында Шу станциясына жедел медициналық жәрдем шақыртырылған. Шу станциясына келгенге дейін пойыз бригадасының қызметкерлері барлық қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдаған. Алдымен олар №26 вагондағы екі жолаушыны қызметтік купеге оқшаулап, купені дезинфекциялық ерітіндімен заласыздандырған. Сосын әрбір 30 минут сайын вагонның едендері мен санитарлық тораптарына дезинфекция жүргізген.

Шуға келгеннен кейін қытайлық екі жолаушыны ауруханаға жатқызу үшін пойыздан түсірген. Кейін коронавирус диагнозы расталмай, жолаушылар ауруханадан шығарылды. Қарағанды станциясына келгесін әлгі вагон санитарлық-эпидемиологиялық іс-шараларын жүргізу үшін ағытылды.

Осыған орай «Жолаушы тасымалы» ұлттық тасымалдаушы тарапынан жолаушы ауырған жағдайда пойыз бастығының іс-қимыл тәртібін реттейтін Нұсқаулық әзірленді. Жолаушылар пойызында коронавирус белгілерінен күдігі бар жолаушылар немесе қызмет көрсетуші персонал анықталған жағдайда, пойыз бастығы дереу вокзал кезекшісіне немесе медициналық пункт орналасқан жақын станцияның кезекші диспетчеріне машинист арқылы хабарлауы тиіс. Пойыз аялдама пунктіне келгенге дейін ол алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге міндетті, мәселен, науқасты басқа жолаушылардан оқшаулау, науқас жолаушы орналасқан вагон арқылы адамдардың жүріп-тұруына тыйым салу, әрбір 30 минут сайын шай ыдыстарын, едендерді, санитарлық тораптарды және т.б. дезинфекциялауды жүргізу жұмыстарын жасайды. Пойыз бригадасы қызметкерлері медициналық маскаралармен жабдықталған және оларды міндетті түрде кию қажеттігі туралы қатаң ескертіді. Жолаушылар мен қызмет көрсететін персоналдың эпидемиологиялық қауіпсіздігі мәселесі «Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан тұрақты бақылады.

Барлық бағыттағы жолсеріктер бригадасы арнайы дайындалған нұсқаулықпен танысып, соған сай әрекет етуде деп хабарлайды ұлттық тасымалдаушының өкілі.

Ұлан ОРАЗ

ЦИФРА НОМЕРА

ПРОВЕДЕНО СВЫШЕ

8,8 тыс.

ПЛАНОВЫХ ТЕХНИЧЕСКИХ ОБСЛУЖИВАНИЙ И РЕМОНТОВ ЛОКОМОТИВОВ РАЗНЫХ СЕРИЙ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚҰРЫЛЫС
БРИГАДАСЫНЫҢ
КҮШІМЕН

2019 жылдың 12 айында өндірістік құрылыс бригадасының күшімен 28 нысанда және жоспардан тыс 5 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Олар – санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар мен қызметтік-техникалық ғимараттар.

Соның ішінде 4 нысан – Арыс станциясындағы жарылыстың салдарын жою, 1 нысан Түркістан станциясында вокзал перронындағы қырлы кеспе тастарды ауыстыруға байланысты болды.

Сонымен қатар, ағымдағы жөндеу жұмыстары өткен жылы ПЧ-53 дистанциясына қарасты Бадам станциясындағы РЭБ ғимараты, Манкент станциясындағы гараж, ал Қазығұрт, Сәстөбе станцияларында табельдік ғимараттар қалпына келтірілді. ПЧ-54 дистанциясында 5 нысан жөнделді. Ақтас моншасы, Түркістан, Дарбаза станциясындағы табельдік ғимараттар, ПЧ әкімшілік ғимараты, механикалық шеберханалар жөндеу көрген. ЭЧ-24 мекемесінде 6 нысанға жөндеу жүргізілді. Атап айтсақ, Бадам, Монтайтас, Жылға, Арыс, Бадам, Арыс-2 станциялары бойынша 2 РКС ғимараттары. ШЧ-37 – 1 нысан, ол Игілік станциясындағы ЭЦ бекеті, ШЧ-38-де 5 нысан: Арыс-1 станциясы бойынша ЭЦ бекеттері, Монтайтас, Шеңгелді, Рзд-37, Арыс-1 МРЦ-2 жөндеу жасалды.

Бұдан бөлек, вокзал шаруашылығына қарасты Бадам вокзалы, Бадам станциясы, Түлікбас, Түркістан станцияларында 4 пандус орнатылды. НЖС-9 меншікті шаруашылығында 3 нысан: Шамшырақ ғимараты мен Шымкент станциясы бойынша кітапхана және Түркістан станциясы бойынша қалалық басқару пункті жөндеуден өтті.

Қорыта айтқанда, жөндеу жұмыстары 33 қызметтік-техникалық ғимаратта жүргізіліп, жоспар 107 пайызға орындалды. Осы жұмыстардың бәрін құрылыс бригадасы бітірді.

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент

ҚАР ТАЗАЛАУ ДА
ҚАЙЫРЫМДЫ ІС



Ақтөбенің Жем станциясы ұжымы қайырымды іс жасаудан ешқашан сырт қалған емес. Әсіресе олар жалғыздіктің жаңдарға, қарттарға қол ұшын жиі созады. Биыл да демалыстарын ауласындағы қалың қарды күрей алмай отырған қарияларға арнап, сауапты іспен айналысуда.

Міне, бұл жолы жиналып, мүгедектігі бар әріптестерінің ауласын қардан тазалап берді. 2000 жылы өндірістік жарақат алған ардагер Нұрлаш Сағымбаев 2017 жылдан бастап зейнетке шыққан. Кешегі әріптестерінің қолғабысына көңілі толған ардагер алғысын жаудырып, батасын берді.

«Ізгіліктің ізгі көрінісін жас буйыңа осындай қайырымдылық шараларымен көрсеткіміз келеді. «Кең болсаң, кем болмайсың» дегенді түсінген жастар үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алады. Ардагеріміздің ауласын әпсәтте қардан тазалап бердік. Ол – бір адам үшін үлкен жұмыс. Ал біздің жігіттерге тұқ емес. Биыл қар тазалау қалыпты жағдайға айналды. Тағы бірнеше қарияға көмектесеміз. Биыл қар қалың түсті, сондықтан оны тазалау халыққа кәдімгідей күш болып тұр», – дейді Жем станциясының басшысы Қоблан Бектұрғанов.

Екінші класты Жем станциясында 20 қабылдау-жөнелту жолы бар. Станцияда барлығы 70 адам еңбек етеді.

Арақ САТТАРҚЫЗЫ, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

МАЛДАН ҚАУІП
СЕЙІЛМЕЙ ТҮР

Шу жол дистанциясының жолшылары темір жол төсемінің маңайында мал бағу ережелерін бұзбауға шақырады. Олар жолға шыққан әр малдың пойыз қозғалысына қауіп тудырып отырғанын айтып дабыл қағуда.

Дистанция директорының орынбасары Дәулетбек Жолдасбаевтың айтуынша, бүгінде еліміздегі темір жол бойында пойыздардың мал басу фактілері азаяр емес. Малдың жол үстіне жиі шығуы жүк және жолаушылар пойыздарының кідіріп, кестесінен жаңылуына әкеп соғуда.

– 2019 жылдың 10 айында Шу жол дистанциясының телімдерінде малдың жолға шығып кетуіне байланысты пойыздарды апатқа ұшыратпау үшін локомотив машинистері 11 рет оқыс тежеу жасауға мәжбүр болды. Ал мұндай жағдай орын алғанда оның зардабы шаш етекпен екені өзінен-өзі түсінікті. Вагонда келе жатқан адам мен жүктердің соқтығысуына немесе жолаушылардың жарақат алып, жүктердің аударылуына әкеліп соғуы мүмкін зардабы ше? Қараусыз жүрген малдың темір жолға кедергісі жылдан-жылға азаяр емес. Сондықтан бұл дабыл қағарлық, бірлесіп шешуге тиісті мәселе болып отыр, – дейді Д. Жолдасбаев.

Шу жол дистанциясы негізінен Шу, Мойынқұм, Қордай аудандарының аумағында орналасқан жалпы ұзындығы 468,7 км темір жолды қадағалап отырады. Жүздеген шақырымға созылып жатқан темір жолды малдан толық қоршап, қорғау мүмкін емес. Қараусыз жүрген малдың темір жолға шығып кету фактілері Көктөбе, Еспе, Шоқпар, Хантау, Жиделі станцияларының аралығында өте жиілеп кеткен. Мал басу оқиғалары, әсіресе түнгі уақыттарда көп болады екен. Мұның бәрі, әрине темір жолға жақын орналасқан ауылдардың мал иелерінің салғырттығынан екені даусыз.

Осы жауапсыздықты жою мақсатымен жыл сайын темір жол бойындағы және оған жақын елді мекендерде жол дистанциясының мамандары мал иелеріне «Темір жол төсемінің маңайында мал бағу ережелері», темір жолдың қауіп-қатер мен қауіпсіздік қағидағдары туралы үгіт-насихат, тәрбие беретін түсіндіру іс-шараларын тұрақты жүргізуде. Бірталай рет мал бағу ережесін бұзған фактілер тіркеліп, ереже бұзғандар желілік полиция бөлімшесіне берілген. ҚР ӘҚБК-ның 559 б. 16. бойынша 11 мал иесі әкімшілік жазаға тартылды.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ

ҚЫСТЫҢ КӨЗІ ҚЫРАУДА...

ҚАҢТАРДА КІДІРІС БОЛҒАН ЖОҚ

Ақтөбеде бір аптаға ұласқан долы боран күніге 15-20 техника мен 300-350 адамды үздіксіз қар тазарту жұмыстарына жұмылдырды. Нәтижесінде пойыздар қозғалысында еш кідіріс болған жоқ, қозғалыс қауіпсіздігі толық сақталды.

Ардақ ЕРҰБАЕВА,
Ақтөбе

Күшейтілген тәртіптегі жұмыс кестесіне көшкен магистральдық желі жұмысшылары тәулік бойы кезекшілікпен жұмыс жасады. Сонымен қатар апаттық бригадалар жұмысының нәтижесінде өңірде жүк және жолаушылар пойыздары кестеге сай уақытымен жүріп жатыр. «Қысқы жұмыстар қатаң тәртіппен уақытылы жүріп жатыр. Пойыз тоқтау, кідіріс болу деген жағдай тіркелген жоқ. Күніге 15-20 техника қар тазарту жұмыстарына шығады. Күндіз-түні кезекшілік кестесі жасалған. Бір күнде 300-350 адам шойынжол бойында пойыздардың тоқтаусыз жүрісіне қызмет етіп отыр», – дейді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі басшысының орынбасары Темірғали Көштаев.

МЕРЕЙ

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛҒАНДАР

Өткен жылдың қорытындысымен Қазалы вагон пайдалану депосының 19 теміржолшысы пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды арттыруға қосқан үлесі үшін «Адал еңбегі үшін», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Кәсібі бойынша үздік» және «Үздік маман» төсбелгілерімен марапатталды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Салтанатты жиында депо бастығы Арғын Орымбаев пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуде қырағылық танытқан әріптестерінің қуанышына ортақтасып, марапат иелеріне кеуде белгілерін өз қолымен тақты.

– Жылдың алғашқы айы өткен жылдың үздіктерін марапаттаумен басталуы мен үшін де, ұжым үшін де зор мәртебе. Тәуліктің қай мезгілі болмасын өз кәсібіне адал теміржолшылардың құрметке бөленуі



– бәріміздің мерейіміз, еңбегімізді елеген бөлімше мен компания басшылығына ризашылығымызды білдіреміз, – деді әріптестері атынан аққолтай тілегін білдірген Қазалы вагон пайдалану депосының бастығы Арғын Орымбаев.

Марапат иелері бүгінгі марапатына кездейсоқ тап болған жоқ. Олар маңдай терін төгіп, табанынан тозып өздеріне бекітілген бекеттердегі техникалық қызмет көрсету орындарына аялдаған пойыз вагондарының бәрін сүзгінен өткендей сараптап, көзден өткерді. Кінәраты бар вагонды құрамнан

жетпістен аса адам жұмылды. Станцияның I, II жолы қардан тазартылып, мұз ою жұмыстары түске дейінгі уақытта жүргізілді. Қар тазарту техникасы әп-сәтте жолдың қарын екі жағынан тазартып шықты. Жұмыла жасалған осындай жұмыстардың нәтижесінде пойыздар жүрісі қауіпсіз, жолаушыларға да кедергі жоқ», – дейді Ақтөбе станциясының басшысы Нұрлан Ермағамбетов.

Өңір теміржол көлігінің қызметін тұрақты әрі қалыпты жүргізуді бақылауда ұстап отыр. Қаңтарды осылай қорытындылаған ақтөбеліктер ақпанның сынағына да сақадай сай.

Суретті түсірген автор

ажыратып, мамандармен бірлесе қайта тексертті, болуы ықтимал апатқа әкеп соғатын қауіпті вагон ұшырасқанда жанын салып дабыл қақты, апаттың алдын алды. Тіпті кейбір табылған вагон ақауларын зерделеген мамандар өте қиын ақауды табу кезінде қырағылық танытқан деген баға беріп, вагон қараушы-жөндеушілердің кәсіби шеберліктеріне тәнті болды, алғысын айтып арқадан қақты. Ақаулы вагондар депоның Қызылорда, Қазалы, Қамыстыбас, Аралқұм және Сексеуіл станцияларындағы вагондарға техникалық қызмет бекетінің теміржолшыларымен анықталып табылған.

– Қазалы вагон пайдалану депосында үздіктерді марапаттау «ҚТЖ-ЖТ» АҚ Бас директоры-басқарма төрағасы Қ.Сәуірбаевтың 26.12.2019 жылғы №237-ГП бұйрығына сәйкес, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша адал еңбегімен және ерекше қырағылық танытуымен жүк вагондарының арбаша бөлшектерінен және доңғалақ жұбынан ақау анықтап, апаттың алдын алған, өздерінің кәсіби мамандыққа адалдығын дәлелдей білген бірнеше вагон қараушы-жөндеушілеріміз «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен қоса 15 айлық есептік көрсеткіш көлемінде біржолғы ақшалай сыйақымен марапатталды. Бұл жаңалық марапат иелерімен бірге бізді де қуанышқа бөлеп, ұжым болып қуанудамыз. Өткен жылы еңбекте мерейі үстем болып біздерді қуантқан жыл үздіктері – Еркін Сайфулмәлік, Алтай Сейтмағанбетов, Батырхан Жұмабаев, Қайрат Ысқақов, Айболсын Сүндетов, Жәнібек Әубәкіров, Алдабергелі Меңдібаев, Төлепбай Аязбаев, Ерлан Есмамбетов, Асхат Молдашев, Ғалымжан Өтеулиев, Руслан Балқожаев, Рысбек Оразалиев, Сейтмек Онбаев, Түстібай Әлбиев, Әнуарбек Көмірбаев пен Дастан Қарабеков, – деді әріптестерінің мерейі өскеніне қуанған ұжым бастығы.

Суретті түсірген автор

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ КЕШЕГЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСТЫ

Өткен жылы Маңғыстауда 56,6 км темір жол күрделі жөндеуден өткізіліп, бунақты жолдар түйіспесіз барқыт жолдарға айналды. Түйіспесіз жолдың тиімділігі неде және күрделі жөндеу қай жерлерге жасалды? Бұл туралы Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің маманы айтып берді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Әрине, жолдың жаңартуы пойыздар қозғалысын жақсартып, тұтас түбек теміржолының көрсеткішіне оң әсер еткені айдан анық.

– Өткен жылдың үлкен жаңалығы 56,6 км жолымыздың су жаңа материалдармен күрделі жөндеуден өтуі болды. Жөндеу жұмыстары №14 бекет пен Шетпе станциясы аралығы 16,681 км, №9 бекет пен Сай-Өтес станциясы аралығы 17,918 км, №6-7 бекеттерден 22,002 км аралығында жасалды. Бұл күрделі жөндеудің бұрынғы жолға қарағанда ерекшелігі ағаш шпалдар темірбетонды шпалдарға ауыстырылды. Түйіспесіз жолдың бунақты жолдан өзгешелігі түйіспелерге жұмсалған бекітпелер үнемді болады. Қоршаған ортаға шығатын шу да азаяды. Әрі темірбетонды шпалдардың қызмет көрсету мерзімі ағаш шпалға қарағанда 3-4 есе жоғары, ғұмыры анағұрлым ұзақ. Оның үстіне темірбетонды шпалдар экологиялық таза өнім болып табылады. Күрделі жөндеуден кейін аймақта жолаушылар пойызының жылдамдығын 60 шк/сағаттан 90 шк/сағатқа дейін көтеру ұсынылды. Яғни, жылдамдық көтерілсе, қай жағынан да тиімді де үнемді болмақ, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Марлен Көктеубаев.

Бөлімшеде бытыр он екі ай ішінде бірде-бір қозғалыс қауіпсіздігін бұзу дерегі тіркелмеген. Жол өлшегіш вагонының тексерісі қорытындысы бойынша жол күтімі 56 бірлікке орын



далып, 121 пайызды құраған. Жоспар 71 бірлік болған. ПРСМ секілді ауыр жол машиналарының көмегімен жол табаны сауықтырылған. Күннің ысуына байланысты рельстік бунақтарда ауыр жол машиналары жұмысынан кейін температуралық кернеуді ретке келтіру жұмыстары жүргізілген.

Аймақта күрделі жөндеу кешеге дейін жалғасты деуге болады. 2019 жылдың қараша айында Жетібай-Өзен аралығына ескі материалдарды пайдаланумен 21 км жолда орташа күрделі жөндеу басталған. Жол құрылысы осы айдың соңында мәреге жетті. Сондай ақ, жолдың жағдайын жақсарту мақсатында бүйірлік тозуға байланысты ескі материалдармен 3,125 км рельс, 1 км түйіспесіз жол

ауыстырылған.

Теміржол өткелінде жол-көлік оқиғасын болдырмау бағытында 4750 автокөлік жүргізушісі теміржол өткелінен өту тәртібімен таныстырылып, 14 км малға қарсы қоршау салынып, 20 км жөнделген. 11 рет мал иелерімен жиын өтіп, 3426 мал иесіне теміржол аумағында мал бағу ережесі ескертілген.

– Темір жолға жайылатын мал мәселесі әлі күнге өткір тұр. Жергілікті телеарнадан «Мал иелеріне арналған жолдау» жүргізілді. Облыс әкіміне хат жолданып, нәтижесінде облыс көлемінде жұмыс тобы да құрылды. Осы жұмыс тобындағы әкімшілік қызметкерлері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері, Көлік бақылау инспек

циясы, прокуратура және ішкі істер қызметкерлері барлығы бірлесіп теміржол өткелдерін тексерді. Нәтижесінде Шетпе станциясы-№14 аралығындағы 314 км өткелге көпір салуды қарастыру және бейнебақылау орнату, теміржол өткелдері арасындағы жүк көліктері жүретін қиыршық тасты жолды жабу, Маңғыстау-Өзен аралығындағы 2 км өткелге көпір салуды қарастыру және бейнебақылау орнату, Өзен станциясында орналасқан 179, 181 км өткелдерге бейнебақылау қою, Бейнеу-Сай-Өтес теліміндегі 31 км пк5 жол көпірінің салынуына байланысты пк6 орналасқан жол өткелін жабу туралы шешім қабылданды, – дейді Марлен Көктеубаев.

Суретті түсірген автор

ПРОФСОЮЗ

В ПРИОРИТЕТЕ – БЛАГОПОЛУЧИЕ РАБОТНИКОВ

Исполнение условий Коллективного договора, вопросы безопасности и охраны труда, режима работы и увеличения заработной платы обсудили в ходе совместного совещания с участием руководства ОО «Казпрофтранс» и АО «Пассажирские перевозки».

Любовь РОВБА

В мероприятии, инициатором которого выступило ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта», также приняли участие руководители и председатели профкомов региональных филиалов АО «Пассажирские перевозки» – «Южный», «Северный», «Западный», «Экспресс», а также АО «Пригородные перевозки», АО «Вагон-сервис».

Открывая совещание, генеральный директор АО «Пассажирские перевозки» Михаэль Кортюм ознакомил собравшихся со стратегией АО



«Пассажирские перевозки» на 2020-2028 годы. В свою очередь, председатель Казпрофтранса Оразгали Ахметбаев и председатели профкомов озвучили проблемные вопросы, волнующие работников производственного персонала, и внесли предложения по улучшению условий работы проводников вагонов, ремонтного персонала и других специалистов. Обсуждение коснулось нормирования времени и режима работы, повышения заработной платы, безопасности и охраны труда. Особое внимание – исполнению условий Коллективного договора. По итогам совещания участниками принято про-

токольное решение о дальнейшем сотрудничестве. – Информация по озвученным на заседании вопросам будет направлена в департамент по управлению человеческими ресурсами АО «Пассажирские перевозки», который уже в течение первого квартала текущего года предоставит в Казпрофтранс информацию о принятых по ним решениях, – отметил Оразгали Ахметбаев. – А по завершении первого квартала мы планируем провести еще одну встречу с руководством АО «Пассажирские перевозки» по статусу исполнения озвученных проблем.

Фото автора

БЕЗОПАСНОСТЬ

ГЛАВНЫЙ КРИТЕРИЙ

Кроме Алматинского эксплуатационного локомотивного депо в структуру Алматинского отделения грузовых перевозок входят Актогайское и Матайское эксплуатационные локомотивные депо. В этих двух подразделениях безопасность движения обеспечивается путем осуществления комплекса профилактических мер, которые предусматривают организацию технического обучения кадров и повышение их квалификации, отработку практических навыков и действий в нестандартных ситуациях и многое другое.



Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

